



**Материалы  
XIX Международной научной конференции  
по проблемам когнитивной лингвистики  
«Новые парадигмы и новые решения в когнитивной лингвистике»**

**Талдыкорган, 30 июня 2015 год**

**Серия «Филологический сборник»**

**Выпуск 19**

**Когнитивная лингвистика и концептуальные  
исследования**

**Талдыкорган – Санкт-Петербург – Кемерово**

**2015**

Как видно из полученных данных, для носителей якутского языка КУЛЬТУРА – это фольклор. Культура якутов основана на фольклоре, фольклор – это устное народное творчество. Фольклор народа саха богат и разнообразен. Среди разных его жанров выдающееся место принадлежит богатырскому эпосу олонхо. Реакция олонхо находится на первом месте среди реакций признака «фольклор». Олонхо представляет собой эпическую поэму о героических подвигах древних богатырей. Оно возникло в глубокой древности. События, описываемые в нем, происходили в незапамятной древности, задолго до появления человека-саха в Среднем мире. Олонхо для саха есть энциклопедия мудрости, искусства и поэзии.

Таким образом, можно утвердить, что семантическая классификация ассоциативных реакций с помощью метода «семантического гештальта», предложенного Ю.Н. Карауловым, является удобным методом для выявления ядерных и периферийных признаков концепта.

#### Литература:

1. Караулов, Ю. Н. Активная грамматика и ассоциативно-вербальная сеть [Текст] / Ю. Н. Караулов. – М.: Институт русского языка РАН, 1999. – 180 с.
2. Караулов, Ю. Н. Показатели национального менталитета в ассоциативно-вербальной сети [Текст] / Ю. Н. Караулов // Языковое сознание и образ мира. – М., 2000. – С. 191-206.

Л.Т. Алимтаева,  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің доценті, ф.ғ.к.  
Алматы қ., Қазақстан

### ҚАЗАҚ ТІЛІ СИНТАКСИСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ (Профессор Р. Әмірдің еңбектері бойынша)

Р.С.Әмір ғылымның үш саласын қамтып: тіл білімі; педагогикалық ғылымдар; мектеп, ғылыми мекемелер үшін маман дайындау салаларында еңбекқорлықпен, ізденімпаздықпен еңбектенуде. Осы салалардың бәрінде Р.Әмір салған айқын із, тіл біліміне, педагогикалық ғылымға қосқан келелі үлесі бар. Оның зерттеу жұмыстарының теориялық тұжырымдамалары, қорытындылары осы салаларда нық орын алды, академиялық жинақтарға енгізілді, орта мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазылды, арнаулы курстарға, диссертациялық жұмыстарға тақырып болды. Еңбектері монографиялар түрінде жарияланды.

Р.С. Әмір күш салатын басты сала – аудиториядағы оқыту жұмысы деп санайды. Бакалавриат деңгейінде ғалым «Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі», «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер синтаксисі» атты екі іргелі курсты оқиды. Курста өзінің зерттеу еңбектеріне сүйеніп қазақ тілінің құрылысын жан-жақты танытатын, көзге түспей, аталмай жүрген фактілер мол қатысатын, құрылысы, жұмсалысы қызықты, тартымды түрде танылатын ауызекі сөйлеу тілінен келтірілген фактілер студенттердің көңілін тартатын. Лекцияларда тілдің өзгеру, даму процестері көрсетіліп, дамудың, өзгерудің сыры, жолы сиқырлы болып жетеді. Тілдің синтаксисі жаңаша топталып, жаңаша жүйеде көрінетін. Бұл лекциялардың материалдары «Жай сөйлем синтаксисі», «Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде» оқулықтарына енді. Курс бағдарламасының мазмұны студенттерді өз бетімен ізденуге, қорытынды жасауға жетелейді. Тілдік фактілерді, теориялық мәселелерді түрліше таныған жазушылардың шығармалары оқуға ұсынылып, студенттер өз пікірін, тұжырымын ұштап отырады. Сонымен бірге тілдер атаулыда көрінетін ортақ даму, қалыптасу заңдылықтары ескеріледі. Бұл деректер жалпы теориялық білімді қалыптастырады және қазіргі жаһандық ортада еркін ғылыми қатынасқа түсуге икемдейді. Әдебиетте аталып жүрген көптеген көркемдік амалдар тілден ауысқаны фактілермен дәлелденіп, осы арқылы тілде қалыптасқан поэтикалық амалдардың өрісі, тілдің көркемдік әлеуеті студенттерді сүйсіндіреді. Ғалым үнемі филологиялық білімді уақыт, қоғам талабына сай тыңайтып, жаңартып отыруға атсалысты.

Филолог маман дайындаудың жаңа мазмұнды деңгейлері – магистратура, докторантура ұйымдастырылған тұста, бұлардың білім мазмұнын қалыптастыруды қолға алды. Магистратураның оқу жұмыс бағдарламасына «Қазақ тілі синтаксисінің коммуникативтік аспектісі», «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері», докторантура деңгейі үшін «Қазақ тіліндегі субстантивтену және оның функционалдық аспектісі» атты курс дайындап, жүргізіп келеді.

«Қазақ тілі синтаксисінің коммуникативтік синтаксисі» курсына коммуникативтік талаптарға сай қазақ тілінде орныққан стильдердің тілдік көріністері нақтыланып көрсетілген. Қазіргі таңда ғалым аталған курс бойынша біраз жылдар лекция оқып жинаған материалдарының негізінде оқу құралын дайындау үстінде. Лебіздің түрлі тілдесу жағдайларына сай құбылып құрылуын коммуникативтік талаптарға сай етіп көрсетуді курс басты бағыт етіп алған. Бұл өзгерістер, оны жетелейтін талаптар түрлі және мол екендігі анықталған. Коммуникативтік талаптардың бірқатары стиль атаулының бәріне ортақ, ал бірқатары тек ауызекі сөйлеу стилінде ұшырайтындығы аталады.

Курс әр коммуникативтік талаптың мағынасын теориялық тұрғыдан ашып береді және сол талаптарды жүзеге асыратын амалдарды атап, оның құрылысын, пайда болу жолдарын көрсетеді. Бұл мағлұматтар сөйлеушінің практикалық қажетіне жегілуге тиіс. Курстың теориялық бір ұстанымы – коммуникативтік талаптар негізінде туындаған тұлғалар тілдегі базистік тұлғалардың төңірегіне топталады.

Коммуникативтік талаптардың мазмұны, сипаты, оларды жүзеге асыруда туатын, түрлі құрылымдар тілдесу процесінің күрделі екендігін көрсетеді.

Р.С.Әмір – өзінің ұстаздық қызметінің әлеуметтік мақсатын өзекті етіп ұстайтын профессор. Ол қазақ тілі пәні студенттерге тек кәсіби білім беріп қоймай, қазақ тілінің мемлекеттік құзыреттілігін нығайту бағытын ұстауға, тілдің қазақ мемлекеттілігін нығайту міндетіне көмектесуге, халықтың ұлттық, азаматтық бірегейлігін бекітуге қатысуын тәрбиелейді. Бұл мәселелер – профессор оқып жүрген курстардың арқауы. Арнаулы зерттеулері де бар. Олардың бір-екеуін атайтын болсақ: «Тіл мәдениеті мен интеллектуалдық мәдениеттің қарым-қатынасы», «Қазақ тілі нормаларын зерттеу мәселелері», «Егемендік және қазақ тілі» т.б.

Р.Әмір 1958 жылы орыс мектептерінің II-IV арнап шығарған «Қазақ тілі» оқулығы тілді үйретуді практикалық жолға қоюдың алғашқы үлгісі болды. Үйретілетін тілдік материалдар сөйлем модельдері түрінде диалогтік процесс ретінде ұсынылып, жаттықтыру жүргізілді. Лексикалық, грамматикалық материалдар әр сыныпқа лайық өлшеніп, екшеліп берілді. Орыс мектептеріне арналған басқа класс оқулықтары да осы бағытпен жазылды. Р.Әмір конференция қойған міндеттерді орындауға күш салды.

Р. Әмірдің жазылған орта білім беру орындарына арналған еңбектеріне көз жүгіртетін болсақ: Қазақ тілі. Грамматика, емле, тіл дамыту: 2-сыныпқа арналған оқулық[1]. Қазақ тілі: орыс тіліндегі мектептің 3-кл. арналған оқулық[2]. Қазақ тілі: орыс тіліндегі мектептің 3-кл. арналған оқулық[3]. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық[4]. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған бақылау оқулығы[5]. «Қазақ тілі» оқулығы бойынша жаттығулар: тереңдетіп оқытатын мектептердің 8-кл. арналған [6].

Қазақ тілі пәнінің білім беру, практикалық дағдылар беру бағытындағы міндеті көп аспектілі. Ол аспектілер белгілі. Бұл міндеттерді жүзеге асыру, оған қол жеткізу пәнді оқытуға қатыстыратын, пайдаланатын дидактикалық ресурстардың сапасына, мол болуына байланысты. Сапасы деген талаптың мазмұны белгілі, ал мол болуға тиіс дегенде еске алатын жай оқытуды оқушылардың өмірлік ортасына, танымдық талабына, қызығушылығына сай талғаммен ұйымдастыруға мүмкіндік беру керек деген сөз. Мұны ресейлік мектеп тәжірибесінен көріп жүрміз. Олар ресурстарды бір-бірімен жарыстырып, өрбітіп шығарып жатады. Біздің мектептер жан-жақты, көп тақырыпты қамтитын мұғалім өз қалауын қанықтырып талғайтын ресурстарға зәру екені анық. Осы тұрғыдан Р.С.Әмірдің "Қазақ тілі оқулығы бойынша жаттығулар" (7,8,9-сыныптарға арналған) деген атпен дайындалған дидактикалық материалдар жиынтығының маңызы ерекше.

Біз ең алдымен мәтіндердің сапасы жоғары екенін атап өткіміз келеді. Мәтіндер түгелдей баспа жүзінде жарық көрген шығармалардан талғанып алынған. Олар мазмұмы кең, табиғи. Ел

тірлігін, табиғат бейнелерін өте нанымды, көркем етіп көрсетеді. Осылай болуына бірінші себеп - жаттығу ретінде берілген мәтіндердің беделді нұсқалардан алынуы. Мәтін авторлары ел тұрмысын, табиғатты ортасында жүріп жазған. Бұл мәтіндерде жасандылық, нанымсыздық жоқ. Тартымды, танымдық ақпаратқа бай. Мәтіндер қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық қарымын мол көрсетеді, оларды сөйлеуші жұрттың жұмсау, пайдалану дәстүрін танытады. Осы арқылы оқушыларды тілдік құндылықтарға зер салып, қызығушылығын тудырады. Бұл - оқу құралының бір дидактикалық ұтымы.

Бұл жағдай оқушыларды практикалық тапсырмаларды қызығып, ынтымақтастықпен орындауға жұмылдырады. Ел тірлігін, табиғат бейнесін әр тақырыпта жан-жақты көрсетіп тіліміздің лексикалық байлығын, грамматикалық тұлға құрылыстарын мол көрсетуге себеп болған мәтіндер бұл жағынан өте бай, әрі тартымды болып келген. Осы мәтіннен ат жарысында жұмсалып жүрген *дистанция* деген сөздің қазақ тілінде ертеден қалыптасқан баламасы бар екенін (салым) таныдық. Материалдардан сөз жұмсаудың, жаңа мағынаға келтірудің тәсілдерімен танысудың мүмкіншілігін, жолын қызығып көреміз.

Автор оқушыларды сөздің мазмұндылығына, көркемдігіне көңіл қойып үйренуге шақырған, оларды осыған талпындыруды міндет еткен. Жаттығулардың тапсырмалары әрі күрделі, әрі оқушының кешенді түрде жұмыс істеуге де жұмылдырады. Жинақ оқушының тілін дамытуға қажет жаттығуларды жан-жақты қарастырып берген. Оқушылар тек репродуктивтік жұмыс орындап қана қоймайды, өз бетімен түрлі шығармашылық жұмыс орындауға қатыстырылған.

Синтаксистік құрылысты танытуға арналған материалдар да көңілге қонымды. Жаттығулардың құрамында өтілетін тақырыпқа қатысты фактологиялық материалдар дұрыс өлшеммен енген.

1994 ж. Р.Әмір, Ж.Әмірова "Қазақ тілі оқулығы бойынша жаттығулар" атап 8-сыныпқа арналған кітап шығарған болатын, кітап тез тарап кеткен. Оған баспа бетінде құптаған рецензия да басылған болатын. Ұсынылып отырған жаттығулар жинағы сол кітаптың негізінде жазылған. Еңбек апробациядан өткен. Р.Әмірдің бұл кітабы да пайдалы оқу құралы болатыны анық.

Оқу құралы 7, 8, 9-сыныптарда өтілетін синтаксистік тақырыптарды оқуда пайдалану мақсатында жасалған. Синтаксистік жүйе - лебіз құрайтын тілдік тұлғалардан - сөйлемнен құралатын деңгей. Сөйлем құрауға фонетикалық, лексикалық, морфологиялық амалдар тоғысып қатысады. Сондықтан кітап өте қажет, пайдалы оқу құралы болып танылады. Бұл кітап оқу жұмысын тартымды, қызығушылықпен ұйымдастыруға көмегін тигізеді [6].

Оқу құралы грамматикалық, емлелік, пунктуациялық ережелерді үйретуге арналған жаттығуларға тіл дамыту мақсатын қойып отырады: жаңа сөздерді, грамматикалық құрылымдарды қатыстырып, соған оқушының назарын аударып отырады. Сөз жоқ, бір көрген сөз, грамматикалық тұлға оқушының миындағы арнаулы ұядан орын алады. Керек кезінде анализаторлар оны тауып алып лебізге қатыстырады. Бұл - оқу құралының екінші ұтымы.

Оқу арқылы келген тілдік материалдарды оқу құралы актив процестерге салып танытады: лексикалық, грамматикалық құрылымның синонимдік, функционалдық варианттарын іздетеді, олардың дәл нақты коммуникативтік жағдаяттарға сай келуіне байланысты талғатады.

Оқу құралында өтілген тақырыптарды жүйеге түсіруді, байланыстырып тануға жетелейтін тапсырмалар бар. Бұл - шәкірттерді интеллектуалдық іске талпындыру. Мұнымен қоса тілдесудің, қарым-қатынас жасаудың этикасы да айтылып тұрады.

Кітапта "Тыныс белгілерінің қазақ жазуындағы ережелері" деген бөлім бар. Тыныс белгілерінің ережесін жүйелі түрде толық беретін материал мұғалімдерге, оқушыларға өте қажет. Мұндай толық ережелер көрсеткіші мұғалімдер қолында жоқ. Тыныс белгілері әр оқулықта өз өлшемімен, жүйесіз өтіледі. Кітап оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де өте пайдалы болатыны сөзсіз.

#### Әдебиеттер:

1 Әміров Р., Ш. Әуелбаев, А. Бәкірова. Грамматика, емле, тіл дамыту: 2-сыныпқа арналған оқулық. - 4-бас- Алматы, «Рауан», 1995. - 144 б.

Әміров Р. Қазақ тілі: орыс тіліндегі мектептің 3-кл. арналған оқулық [3]. – 3-бас. Алматы, «Рауан», 1995. – 159 б.

Әміров Р., Әмірова Ж. Қазақ тілі: орыс тіліндегі мектептің 3-кл. арналған оқулық. – 3-бас. Алматы, «Рауан», 1997. – 159 б.

Әміров Р., Г.И.Уайысова, Ә.Е.Жұмабаева. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық [4]. Алматы, 2013. – 192 б.

Әміров Р., М.Атабаева. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. Алматы, «Рауан», 2000. – 222 б.

Әміров Р., Әмірова Ж. «Қазақ тілі» оқулығы бойынша жаттығулар: тереңдетіп оқытатын мектептердің 7-8-9 сыныптарына арналған. Алматы, «Рауан», 2014. – 128 б.

А.Ж. Амиров,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ф.ғ.к., доцент  
Алматы қ., Қазақстан

### ӨРІС ҰҒЫМЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАДАҒЫ ҚАЛЫПТАНУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Қазіргі тіл біліміне тілдік құбылыстардың функционалдық жағына деген қызығушылықтары болып отыр. Тілдегі «өріс» ұғымын И.А.Бодуэн де Куртене мен Ф. де Соссюр енгізгені, оның теориялық жағынан негіздегені белгілі, одан әрі орыс және шетел лингвистері арқылы оған жақты қарастырылып ғылыми айналымға түскені де мәлім. Прага лингвистика мектебінің мүшелері Э.Бенвенист, В.М.Солнцев және т.б. авторлар осы идеяны дамыта отырып құрдағаны өріс теориясына тікелей ықпал етті. Ф. де Соссюр мына жағдайға көңіл аударады: «Ара ортақ белгілері бар сөздер айтылмаған кезде санада қорытылып, олардан топтар пайда болады және олардың ішінде әртүрлі қатынастарды байқауға болады /1,121/. Бұл қатынастар грамматикалық, сөзжасамдық, этимологиялық, семантикалық, функционалды-стилистикалық және басқа да болуы мүмкін.

«Өріс» термині лингвистикаға жаратылыстану ғылымдарынан енген, бұл терминді онынан бері психологтар, биологтар, социологтар қолданып келген болатын. Бұл атауының алдындағы *field*, французша *champ*, немісше *feld*, испанша *campo* түрінде қолданылады. Лингвистикалық энциклопедия сөздігінде «өріс» терминіне мынадай анықтама берілген: «өріс – мазмұнды біріктіретін бірліктердің жиынтығы, ұғымдық, заттық немесе айқындалған (сәйкестенген) құбылыстың қызметтік ұқсастығын білдіреді (Лингвистикалық энциклопедия, М., 1990, 380-381б.).

О.С.Ахманова өріске «адам тәжірибесінің белгілі бір саласын жауып тұратын мазмұндық бірліктің (ұғымның, сөздің) тұтастығы» деген анықтама береді /2,334/. Кейін әртүрлі кешендердің ішінде өріс ретінде түсіндіріліп, талданған еңбектер жарық көрді.

Жалпы өріс мәселесін зерттеп тануға И.А. Бодуэн де Куртене, Ф. де Соссюр, Г. Ипсен, Й. Вайсгербер, В. Порциг, В.Г. Адмони, А.В. Бондарко, Е.В. Гулыга, Е.И. Шендельс, П.В. Сноков, Ю.Н. Караулов, В.Б.Гак, Г.С.Щур, В.П.Абрамов және басқа да тілшілер өз үлестерін қосқаны мәлім. Орыс тіл білімінде «өріс» мәселесін ең алғаш түпкілікті түрде Е.В.Гулыга мен И.Шендельс қарастыра бастаған. Олардың жұмыстары неміс тілі материалдары негізінде жазылған еді. Е.В.Гулыга мен Е.И.Шендельс өрістің негізгі белгілері ретінде мыналарды атайды:

1) өріс жүйелі қатынастар арқылы бір-бірімен байланысқан әртүрлі тіл деңгейіндік құралдардың жиынтығы; 2) өрісті құрайтын әртүрлі тіл деңгейіндік құралдардың қандай да бір мағынада ортақ мағыналары болады;

3) өрістің ортақ мағынасы біреу ғана болмайды, ол бір-біріне қарама-қарсы ең кемінде екі мағынадан тұрады; 4) өріс көлденең және тік кесінді түрінде көрсетуге болатын күрделі ұғымға ие болады. Өрістің көлденең кесіндісі бойында оның семантикалық түрлері - өрістер, ал өрістің тік кесіндісі бойында оны құрайтын тілдік құралдар орналасады /3,184/.

## СОДЕРЖАНИЕ

### 1-секция

#### Концептуальная картина мира

<b>В.А. Маслова.</b> Основные вопросы лингвокультурологии.....	6
<b>Пименова М.В.</b> Стереотипы о богатырях и рыцарях сквозь призму русской ментальности.....	10
<b>Жүнісбек Ә.</b> Түркі әліпбиі .....	15
<b>Карасик В.И.</b> Инстинкт, рассудок, интуиция: характеристики коммуникативного поведения.....	26
<b>Манкеева Ж.А.</b> Қазақ этнолексикасын зерттеудің когнитивтік негіздері .....	33
<b>Момынова Б.Қ.</b> Когнитивтік лингвистика және концептуалдану үдерісі .....	36
<b>Джангельдинова С.Б., Бөбеш Р. С.</b> КОНЦЕПТ «WIFE» – «ӘЙЕЛ» – «ЖЕНА» в картине мира англичан, казахов и русских .....	43
<b>Мұратбек Б.Қ.</b> Сөздің функционалдық типтері және сөз мәдениеті.....	46
<b>Қажыбай А.</b> От дегуманизации личности к духовному кризису общества.....	54
<b>Қонарбаева А.Қ.</b> Шәкәрім шығармаларындағы рухани-діни ұғымдарды білдіретін атаулардың қазіргі әдеби тілдік дамуындағы алатын орны.....	64
<b>Пугачева А.В.</b> Взаимосвязь условий и участников речевой ситуации и языковых элементов на примере политических выступлений К. Райс и Б. Обамы.....	67
<b>Саткенова Ж.Б.</b> Поэтикалық мәтіндегі «Тілдік тұлға»: деңгейлік-құрылымдық ерекшеліктері.....	72

### 2-секция

#### Язык и культура

<b>Рысберген К. К.</b> К проблеме изучения ономастического кода казахского языка .....	78
<b>Васильева А.П.</b> Восприятие концепта «сылғы/лошадь» в якутской лингвокультуре .....	82
<b>Жоламанова Е.И.</b> Концепт «сердце» в русской и киргизской лингвокультурах .....	86
<b>Кысылбаикова М.И.</b> «Семантический гештальт» Ю.Н. Караулова как метод выявления ядерных и периферийных признаков концепта «культура» (на примере якутского языка).....	89
<b>Алимтаева Л.Т.</b> Қазақ тілі синтаксисінің зерттелу ерекшелігі (Профессор Р. Әмірдің еңбектері бойынша).....	94
<b>Амиров А.Ж.</b> Өріс ұғымының функционалды грамматикадағы қалыптануының алғышарттары.....	97
<b>Амиржанова Н.С.</b> Қазақ фонологиялық білімдер жүйесін жоғарғы оқу орындарында оқытудың ғылыми-әдіснамасы.....	100
<b>Чалтикенова Л.А.</b> Дулат Исабековтың «Қарғын» романындағы коннотация құбылысы.....	104
<b>Бисегалиева Н.</b> Қазақ балалар әдебиеті тілін жаңа	